

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫС – ҚОРШАҒАН ОРТА ҚАУІПСІЗДІГІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ҚҰБЫЛЫС

Р.Т. Исакова

докторант

Ә.С. Бейсенова

география ғылымдарының докторы, профессор

Д.М. Боранкулова

география ғылымдарының кандидаты

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. Мақалада Алматы облысының экологиялық құқық бұзушылық түрлері сипатталып, олардың аудандар бойынша таралуы анықталды. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, экологиялық заңнама жүйелеріне деректік талдау жүргізіліп, теориялық негіздемесі айқындалды. Экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің бір бөлігі ретінде еліміздің тұрақты дамуының міндетті шарты болып саналады. Адамның өмір сүруіне және дамуына табиғи ортаны қорғау мәселесі мемлекет назарында да болу керек. Қазіргі кезеңде қалыптасқан қолайсыз экологиялық жағдай, тек біздің елімізді ғана емес, тұтастай бүкіл әлемді қамтыған өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің түрлік құрамының азаюына, экожүйенің, планетаның табиғи ресурстарының сарқылуына, тұтастай алғанда адамның табиғи тіршілік ету ортасы сапасының нашарлауына әкеп соғады. Адамның шаруашылық және өзге де қызметі нәтижесінде табиғи орта жай-күйінің үдемелі нашарлауы жекелеген елдер шеңберінен шығып, халықаралық проблеманың сипатына ие болды. Экологиялық проблеманы шешу адамзаттың, оның ішінде қазақстандық қоғамның алдында тұрған аса маңызды міндеттердің біріне айналды. Шын мәнінде адамның іс-әрекеті, оның бүкіл өмірі табиғатпен байланысты. Сол себепті біздің елімізде де, кез-келген басқа да табиғатты қорғау мәселелеріне тән олар оқшаулана алмайды, ұйымдастыру, шаруашылық, насихаттау, идеялық-тәрбиелік, білім беру, құқықтық міндеттерді шешуге байланысты жүргізіледі. Сондықтан, адамзат қоғамының табиғи орта заңдылықтарын танып-білу, ондағы жүріп жатқан процестердің қазіргі тенденцияларын зерттеу, өмір сүру ортасының қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету тұрғысынан түсіндіріледі. Ал қоршаған ортаны қорғауды кешенді іс-шаралар қамтамасыз етеді, олардың ішінде қылмыстық-құқықтық шаралар маңызды рөл атқарады.

Түйін сөздер: экологиялық қауіпсіздік, экологиялық қауіпсіз даму, экологиялық қылмыс, қоршаған орта, экологиялық құқық бұзушылық.

ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ПРЕСТУПНОСТЬ – ЯВЛЕНИЕ, НАПРАВЛЕННОЕ НА БЕЗОПАСНОСТЬ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

Исакова Р.Т.

докторант

Бейсенова Ә.С.

доктор географических наук, профессор

Боранкулова Д.М.

кандидат географических наук

Казахский Национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, г. Алматы

Аннотация. В статье анализируются виды экологических правонарушений в Алматинской области и раскрывается их распределение по районам. Были проанализированы работы отечественных и зарубежных ученых, системы экологического права, а также определено понятие «экологическая преступность». Экологическая безопасность как часть национальной безопасности является обязательным условием устойчивого развития нашей страны. Неблагоприятная экологическая обстановка, сложившаяся в современный период, охватившая не только нашу страну, но и весь мир в целом, приводит к обеднению видового состава растительного и животного мира, истощению природных ресурсов планеты, ухудшению качества природной среды обитания человека в целом. Прогрессирующее ухудшение состояния природной среды в результате хозяйственной и иной деятельности человека, вышло за рамки отдельных стран и приобрело характер международной проблемы. Решение экологической проблемы превращается в одну из наиболее насущных задач, стоящих перед человечеством, в том числе и казахстанским обществом. По существу вся деятельность человека, вся его жизнь связана с природой. В связи с этим характерная особенность вопросов охраны природы как в нашей стране, так и в любой другой, состоит в том, что они не могут ставиться изолированно, а лишь в связи с решением организационных, хозяйственных, пропагандистских, идейно-воспитательных, образовательных, правовых задач. Уголовное право играет при этом лишь вспомогательную роль. Таким образом, закономерности природной среды и человеческого общества, познание, исследование процессов, происходящих в нем современных тенденций, объясняется с точки зрения обеспечения безопасности и комфортности среды обитания. Защита окружающей среды обеспечивается комплексом мер, среди которых важную роль играют меры уголовно-правового характера.

Ключевые слова: экологическое правонарушение, экологическая преступность, экологический мониторинг, уровень загрязнения, экологическая безопасность.

ENVIRONMENTAL CRIME – A PHENOMENON AIMED AT THE SAFETY OF THE ENVIRONMENT

Iskakova R.T.

doctoral student

Beisenova A.S.

doctor of Geography, Professor

Borankulova D.M.

PhD of Geography

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty

Annotation. Given article deals with the types of environmental violations in Almaty region and their distribution by districts. Theoretical bases were identified based on the analysis of the works of domestic and foreign scientists and the system of environmental legislations. Environmental safety as part of national security is prerequisite for the sustainable development of our country. The unfavorable ecological situation that has developed in the modern period, covering not only our country, but the whole world as a whole, leads to a depletion of the species composition of the plant and animal world, depletion of the planet's natural resources, and deterioration of the quality of the natural environment of human life as a whole. The progressive deterioration of the state of the environment as a result of economic and other human activities has gone beyond the boundaries of individual countries and has acquired the character of an international problem. Solving the environmental problem is turning into one of the most pressing tasks facing humanity, including Kazakhstani society. In essence, all human activity, his whole life is connected with nature. In this regard, a characteristic feature of nature conservation issues both in our country and in any other is that they can not be posed in isolation, but only in connection with the solution of organizational, economic, propaganda, ideological and educational, educational, legal problems. In this case, criminal law plays only an auxiliary role. Thus, the laws of natural environment of human society, the research of the modern trends of processes occurring are explained from the point of view of ensuring the safety and comfort of the environment. Environmental protection is provided by a set of measures, among which criminal-law measures play an important role.

Keywords: environmental safety, environmentally friendly development, environmental crime, natural environment, environmental violation.

Кіріспе.

Адамзат қоғамында шешімі кезек күттірмейтін ғаламдық проблемалардың бірі – қоршаған табиғи орта мәселесі. БҰҰ-ның 11-ші Конгресінде экологиялық қылмыстың сипаты трансұлттық деңгейде көтеріліп, олардың қауіптілігі мен алдын алу мәселелері жан-жақты талқыланған болатын. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының 4-бабында (6 қаңтар, 2012 жыл) экологиялық қауіпсіздік – ұлттық қауіпсіздік түрлерінің бірі ретінде көрсетіліп, қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер салдарынан туындайтын қауіптен қорғауға негізделген [1]. Табиғатты қорғау мен тиімді пайдалану, табиғи ресурстарды сақтау, қоршаған ортаның тұрақты дамуы, қоғамның даму процесінің ажырамас бөлігіне айналу қажет. Бүгінгі таңда экологиялық мәселелер табиғатты пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ғана емес, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалануды мемлекеттік реттеудің қатаң ережелерін қолдануды қажет ететін зор маңызға ие. Себебі, табиғи орта сапасының нашарлауы халықтың гендік қорының жойылуына әкелуі мүмкін. Сондықтан Президент Қ.-Ж.К. Тоқаев қоршаған ортаның қазіргі жағдайының өзектілігіне тоқталып, «бірыңғай экологиялық саясат» құру қажеттілігін ұсынды.

Жалпы алғанда, антропогендік факторлардың кері әсері экожүйенің маңызды құрамдас бөліктері - атмосфераның, топырақтың, судың ластануына, табиғи ландшафттардың өзгеруіне ықпалы зор. Ауаның ластану деңгейі жоғары ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында тұратын қала халқының саны шамамен 30%-ды құрайды. Бұл, әсіресе, Астана, Алматы, Шымкент, Өскемен, Ақтөбе, Семей, Риддер, Тараз және басқа да қалаларда тіркелген.

Республика бойынша тергеудің бірыңғай тізімінде тіркелген экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 2019 жылдың 9-шы айында 1121 құрады. Ең жоғары экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық Алматы облысында тіркелген. ҚР Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметтеріне, 2019 жылдың 9-шы айына сәйкес сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізімінде тіркелген экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар саны Алматы облысында 338-ді құрап, өткен жылмен салыстырғанда (323) 4,6%-ға өскен. Ал, Алматы қаласы экологиялық департаментінің деректері бойынша, қалада 2019 жылдың 1-ші жарты жылдығында 123 экологиялық заң бұзушылық тіркелген, осы аталған мәселелер зерттеудің өзектілігіне негіз болды.

Зерттеу әдістері мен дереккөздер.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қоғамның өмірлік маңызды мүдделері мен жеке тұлға құқығын,


элеуметтік қорғалуын, антропогендік және табиғи әсерлердің нәтижесінде туындайтын қатерлерден қорғауды арттыру қажет. Отандық ғалымдар еңбектерінде экологиялық проблемаларға қатысты өзекті мәселелерді шешуге бағытталған бірнеше жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізген. Алматы қаласының инновациялық дамуының концептуалды проблемаларын шешудің экологиялық-географиялық негіздеріне (Ә.С. Бейсенова және басқалар, 2012), Астана қаласы және қала маңы аумақтарының инновациялық әлеуметтік-экономикалық және экологиялық қауіпсіз дамуына (Ә.С. Бейсенова және басқалар, 2012.), Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мәселелеріне байланысты (С.М. Рахметов және басқалар, 2018) ғылыми жұмыстар бар.

«Экологиялық қылмыс» ұғымын түсіндіруде ғалымдар келесідей анықтамалар береді. Р.Т. Нуртаев: «Экологиялық қылмыс дегеніміз – Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген қоғамның экологиялық қауіпсіздігіне, экологиялық тәртіпке және адамның денсаулығына немесе қоршаған ортаға елеулі зиян келтіретін қол сұғушылық әрекетті айтамыз» десе, Ф.Т. Медетбекованың пікірінше, «Қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру мен табиғатты қорғау заңнамасының нормаларын бұзатын, экологиялық құқық тәртібіне қол сұғушылықтарды экологиялық қылмыстар деп танымыз» [2, б.10]. А.Н. Ағыбаев экологиялық қылмыс туралы мәселелерді кеңінен зерттей келе, мынадай түсінік береді: «Экологиялық қылмыс – қоршаған ортаға, оның ресурстарына, халықтың экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғатын, қоғамға қауіпті, қылмыстық заңға қарсы іс-әрекеттер болып танылады». Ал В. Морару «арнайы заңмен бекітілген табиғи ресурстарды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібіне қарсы, адам денсаулығына зиян келтіретін, қоғамға қауіпті іс-әрекет – экологиялық қылмыс» деген анықтама береді [3, б. 356]. Ғалымдардың пікірін талдай отырып, олардың мазмұндық ерекшеліктері бір-бірінен аз айырмашылық жасайды деген қорытындыға келдік.

Мақаланы жазуда ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ресми мәліметтері, Алматы қаласының Статистика департаменті, ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша экология департаментінің мәліметтері негізінде жазылды. Ресми сайт мәліметтері мен салыстырмалы-географиялық әдістер пайдаланып, жүйелі статистикалық талдау жасалды.

Нәтижелер мен талқылау.

Шет елдік тәжірибеде экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жауаптылыққа тарту жүйесі әр келкі. Альбертада (Канада) қоршаған ортаны қасақана ластаған компания айыппұлдың ең жоғары мөлшері 1 000 000 АҚШ долларын құрайды, ал абайсызда ластағаны үшін 500 000 АҚШ долларына тең. Мұнда экология саласындағы қылмыстық кодекстері құқық бұзушылық жасаған адамдардың қылмыстық жауапкершілігін көздейді. Латвия Қылмыстық кодексінде белгіленген ережелерді бұзғаны үшін, елге қауіпті қалдықтарды кіргізген немесе Латвия аумағынан транзит арқылы алып өткен жағдайда, табиғи ортаға, адамдардың денсаулығына мүліктік немесе шаруашылық мүддесіне едәуір зиян келтірсе, алты жылға дейін, ал ауыр зиян келтірген жағдайда он бес жылға бас бостандығынан айыру қарастырылған [4, б. 355]. Польшада Қылмыстық кодекстің 182-бабының 1-бөлігінде: «суды, ауаны, топырақты затпен немесе иондаушы сәулеленетін затпен ластағаны үшін 3 айдан 5 жылға дейінгі мерзімге, кейбір жағдайларда 6 айдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады» [5]. Қазақстанда экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық бойынша негізгі жазалардың бірі – айыппұл салу. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық бойынша айыппұл мөлшері екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес мың айлық есептік көрсеткішке дейін белгіленген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сай, айыппұл салу қылмыстық теріс қылықтар бойынша Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен бес жүзге дейінгі мөлшерде, ал қылмыстар үшін Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден он мыңға дейінгі мөлшері бекітілген. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы кешенді сала ретінде қарастырылады. Қазақстандағы экологиялық құқық бұзушылық түрлері 3-ке жіктеледі (319-бап, 1-сурет) [6]:



1-сурет. Экологиялық құқық бұзушылық түрлері


Экологиялық қылмыстар әкімшілік экологиялық құқық бұзушылықтардан қоғамдық қауіптілік деңгейімен ерекшеленеді. Қазақстанда жиі орын алатын экологиялық қылмыс: ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу,

жою немесе зақымдау (340-бап), балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу (335-бап), заңсыз аңшылық (337-бап), Жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу (333-бап), ветеринариялық қағидаларды немесе өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген қағидаларды бұзу (327-бап), суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу (328-бап), атмосфераны ластау (329-бап), т.б. түрлері жатады.


Алматы облысында 2019 жылы 240 экологиялық құқық бұзушылық, соның ішінде: ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау - 210, балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз аулау - 9, заңсыз аңшылық - 7, Жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу - 2, суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу бабы бойынша - 2 құқық бұзушылық тіркелген. Аталған қылмыс түрлерінің ішінде ағаштарды заңсыз кесу қылмысы жақсармай тұр. Бұл негізінен Ұйғыр (41), Балқаш (33), Райымбек (39), Панфилов (5) аудандарында, ал Алматы қаласы Медеу ауданында 8-і тіркелген (1-кесте) [7]. Сондай-ақ, елімізде су бассейндерінде балық және су ресурстарын заңсыз аулау қылмысы жыл санап өсуде, бұл көп жағдайда ұйымдасқан қылмыстық сипатқа ие. Заңсыз балық аулаушылар көбінесе Балқаш (20) көлінен ұсталады, көл бірнеше облыстармен шектесіп жатқандықтан мұнда өзге де өңірлерден келеді. Экологиялық қылмыстың тұтас кешені жалпы және ерекше себептерден туындайды. Жалпы себептер адам мен табиғи ортаның өзара әрекетінен туындайтын қарама-қайшылықтар негізінде жатыр. Бұл табиғи ресурстарды пайдалану мен қоғамның қажеттіліктері арасындағы, меншік нысандары мен оларды игерудің қалыптасқан тәсілдері арасындағы, табиғатты қорғау органдары мен әр түрлі мақсаттағы табиғат пайдаланушылар арасындағы қайшылықтар. Ерекше себептерге табиғи ресурстарды заңсыз пайдалануға немесе браконьерлікке байланысты тіркелген қылмыстар санының және қоршаған табиғи ресурстарды ластаумен байланысты қылмыстар санының күрт өсуіне әкеп соғатын себептер жатады.

1-кесте – Алматы облысындағы экологиялық құқық бұзушылық, 2019 ж.

	Бап	Саны	Аудандар
1	340. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау	210	Ұйғыр, Балқаш, Райымбек, Панфилов, Талғар, Қаратал, Ақсу, Көксу
2	335. Балық ресурстарын басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз аулау	19	Балқаш, Сарқанд, Қапшағай
3	337. Заңсыз аңшылық	7	Еңбекшіқазақ
4	328. Жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу	2	Іле, Жамбыл
5	332. Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу	2	Талғар, Текелі



Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманың бұзылуы ең алдымен, қалалар аумағында тіркелген. Республиканың көптеген қалаларында атмосфералық ауаның, су мен топырақтың ластану деңгейі жоғары. Қазіргі уақытта Қазақстан қалаларында қоршаған ортаның ең ластанған қалалар тізімінде Алматы қаласы да кіреді. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі экологиялық департаментінің мәліметтеріне сәйкес, 2019 жылдың I-ші жарты жылдығында 123 экологиялық заңнаманың бұзылуы анықталды [8].



2-сурет. Алматы қаласындағы экологиялық заңнаманың бұзылуы

Ең жоғарғы экологиялық заң бұзушылық 2016 жылы тіркелген (2-сурет), 2017 жылдың I-ші жарты жылдығында атмосфералық ауаны қорғау бойынша - 56, су ресурстарын қорғауда - 11, Жер қойнауын қорғау бойынша 2 экологиялық заң бұзушылық анықталған [9]. 2019 жылдың бірінші жарты жылында 18 заң бұзушылыққа көлемі 2629,995 мың теңге айыппұл салынған.

Экологиялық мониторинг («Қазгидромет» РМК) департаментінің мәліметтері бойынша (қыркүйек, 2019 ж.), Алматы қаласында атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі жоғары. Ең жоғары қайталанғыштық (ЕЖК) азот диоксиді бойынша 33 % (жоғары деңгей), ал көміртегі оксиді бойынша стандартты индекс СИ=3.2 (көтеріңкі деңгей), тең [10]. Атмосфералық ауа бойынша экстремалды жоғары ластану жағдайлары болмағанымен, 2-ші кестеден қала аудандары бойынша атмосфераға шығарылған ластағыш заттардың соңғы 3 жылда өскенін көреміз, ең жоғары: Алатау (42987), Алмалы (35361), Медеу (2248), Бостандық (1050), Жетісу (1029) аудандарында тіркелген. Жан басына шаққанда ластағыш заттар көлемі бойынша да алғашқы үштікті Алмалы (135,8), Алатау (23,1), Медеу (13,5) аудандары құрады.

2-кесте – Қала аудандары бойынша жан басына шаққандағы (кг) және атмосфераға шығарылған ластағыш заттар (тонна) көлемі

Аудандар	2014		2015		2016		2017		2018	
	тонна	кг	тонна	кг	тонна	Кг	тонна	Кг	Тонна	кг
Алатау	43536	26,7	39 130	23,4	38 779	22,1	41 149	23,0	42987	23,1
Алмалы	33254	168,9	30763	152,5	32 070	142,6	34 168	139,8	35 361	135,8
Әуезов	2295	11,2	526	2,5	398	1,8	310	1,4	354	1,6
Бостандық	1250	4,5	1195	4,3	908	3,2	1122	3,8	1050	3,6
Жетісу	982	3,0	761	2,4	722	2,2	842	2,5	1029	2,9
Медеу	3249	20,5	2621	16,5	2134	13,2	1956	11,9	2248	13,5
Наурызбай	528	2,8	769	4,0	567	2,8	582	2,8	469	2,2
Түрксіб	146	26,7	237	23,4	141	22,1	147	23,0	268	23,1

Алматы қаласында атмосфераға ластайтын заттар шығарушы көздер жыл сайын артып келеді, 2014 жылы 11964 болса, 2017 жылы 15120-ға өскен. Негізгі ластаушы қызмет түрлеріне электрмен жабдықтау, газ, бу беру, өңдеу өнеркәсібі, экономикалық қызмет түрлері жатады [11]. Бұған негізгі себеп, өнеркәсіптік орындарда шығарындыларды азайтудың қазіргі заманғы технологиялары толық енгізілмеген және халықтың денсаулығы үшін қауіпсіз әрі таза ауа сапасымен қамтамасыз ету мақсатында экологиялық неғұрлым таза отын түрлеріне көшу шаралары әлі жеткіліксіз. Алайда, Алматы қаласында 2016 жылы ауа сапасын жақсарту бойынша қабылданған кешенді жоспардың негізгі мақсаты көлікті экологияландыру, шығарындыларды азайту, тұрақты көздерден ауаның ластануын азайту және электромобильдер үшін зарядтау станцияларын салуды көздейді. Ауаның ластануын төмендету жөніндегі бұл шаралар Қазақстанның 2030 жылға дейінгі «Тұрақты даму» стратегиясындағы міндеттерін орындауға мүмкіндік берер еді. Жалпы алғанда экологиялық проблеманың шиеленісуі өз кезегінде адамзат ортасының қайтымсыз өзгеруі мен адамзат өркениетінің өзін-өзі жою қаупін төндіреді.

Қорытынды.

Теориялық еңбектерге шолу жасау негізінде салыстырмалы-географиялық әдістер пайдаланып, жүйелі статистикалық талдау жасалды және Алматы облысындағы экологиялық қылмыс түрлері анықталды.

Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшу идеясына бейімділігі экологиялық тетіктері мен табиғатты қорғау заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету саласында неғұрлым белсенді күш-жігерді талап етеді. Соңғы жылдары экономикалық өсуде қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы қарама-қарсы қадамдар жасалуда. Кәсіпкерлікті дамытуда әкімшілік және бюрократиялық жүктемені азайту тиімді болғанымен, бұған экологиялық құқық бұзушылықты жасыру арқылы қол жеткізбеу керек. Қосымша өтемақы шараларынсыз тексерулердің айтарлықтай қысқаруы, тексерулер санының азаюы мен экологиялық құқық бұзушылықтардың айқын арақатынасы Қазақстандағы экологиялық құқық бұзушылықтардың таралуының шынайы деңгейі туралы алаңдатушылық туғызады. Қазақстанда ауа сапасын бағалау және реттеу мәселелері бойынша жеке ұлттық нормативтік-құқықтық базаларды жетілдіру қажет. Халықаралық деңгейде қабылданған практикаға сәйкес ластаушы заттардың концентрацияларына негізделген ауа сапасының нормативтерін пайдалануда ауа сапасын бағалаудың қолданыстағы жүйесін ауыстыру жөнінде шаралар қабылдау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы: Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы (2020.01.01. өзгерістер мен толықтырулармен берілген) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (қаралған күн: 15.01.2020).
- 2 Медетбекова Ф.Т. Атмосфераны ластау: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық проблемалары: з.ғ.к. ... дис.– Алматы, 2006. – 164 б.
- 3 Морару В. Охрана окружающей среды в уголовном законодательстве Республики Молдавы // Научные основы уголовного права и процессы глобализации: материалы V Российского конгресса уголовного права (27-28 мая 2010 г.). – М.: Проспект, 2010. – С. 355-359.
- 4 Дубовик О.Л. Опыт реформирования уголовно-экологического законодательства в зарубежных странах // Уголовное право: стратегия развития в XXI веке: материалы X межд. науч.-практ. конф. (24-25 января 2013 г.) – М.: Проспект, 2013. – С. 353-355.
- 5 Рахметов С.М. и др. Проблемы совершенствования законодательства Республики Казахстан об ответственности за экологические уголовные правонарушения: аналитический отчет об итогах фундаментального и прикладного научного исследования. - Астана, 2018.
- 6 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212 Кодексі // <http://infopublic.pravstat.kz/crime/> (қаралған күн: 05.01.2020.).
- 7 ҚР Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ресми сайты // <http://infopublic.pravstat.kz/crime/> (қаралған күн: 05.01.2020.).
- 8 Показатели контрольно-инспекционной деятельности Департамента экологии по г. Алматы. 26 ноябрь, 2019 г. – Алматы, 2019.
- 9 Курманбеков А.Д. Окружающей среде Алматы возмещен ущерб на сумму более 82 млн тенге. 06.09.2017 // Жаңалықтар порталы. ИА «NewTimes.kz» // <https://newtimes.kz/obshchestvo> (қаралған күн: 04.01.2020.).
- 10 Қазақстан Республикасының қоршаған орта жай-күйі жөніндегі ақпараттық бюллетені / «Қазгидромет» РМК экологиялық мониторинг департаменті. – 2019. - № 09 (239).
- 11 Қоршаған ортаны қорғау және Алматы қаласының орнықты дамуы / Охрана окружающей среды устойчивое и развитие города Алматы. Статистикалық жинақ. 2013-2017 жж. – Алматы, 2017.

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respýblıkasynyń ulttyq qaýıpsızdigi týraly: Qazaqstan Respýblıkasynyń 2012 jylǵy 6 qańtardaǵy № 527-IV Zańy (2020.01.01. ózgerister men tolyqytrýlarmen berilgen) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (qaralǵan kún: 15.01.2020).
- 2 Medetbekova F.T. Atmosferany lastaý: qylmystyq- quqyqtyq jáne kriminologıalyq problemalary: z.ǵ.k. ... dis.– Almaty, 2006. – 164 b.
- 3 Moraru V. Ohrana okruzhayushchej sredy v ugovnom zakonodatel'stve Respubliki Moldavy // Nauchnye osnovy ugovnogo prava i processy globalizacii: materialy V Rossijskogo kongressa ugovnogo prava (27-28 maya 2010 g.). – M.: Prospekt, 2010. – S. 355-359.
- 4 Dubovik O.L. Opyt reformirovaniya ugovno-ekologicheskogo zakonodatel'stva v zarubezhnyh stranah // Ugolovnoe pravo: strategiya razvitiya v HKHI veke: materialy H mezhd. nauch.-prakt. konf. (24-25 yanvarya 2013 g.) – M.: Prospekt, 2013. – S. 353-355.
- 5 Rahmetov S.M. i dr. Problemy sovershenstvovaniya zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan ob otvetstvennosti za ekologicheskie ugovnyye pravonarusheniya: analiticheskij otchet ob itogah fundamental'nogo i prikladnogo nauchnogo issledovaniya. - Astana, 2018.
- 6 Qazaqstan Respýblıkasynyń Ekologıalyq kodeksi: Qazaqstan Respýblıkasynyń 2007 jylǵy 9 qańtardaǵy N 212 Kodeksi // <http://infopublic.pravstat.kz/crime/> (qaralǵan kún: 05.01.2020.).
- 7 QR Bas prokúratýrasy quqyqtyq statistika jáne arnayı esepke alý jónindegi komitetiniń resmı saıty // <http://infopublic.pravstat.kz/crime/> (qaralǵan kún: 05.01.2020.).
- 8 Pokazateli kontrol'no-inspekcionnoj deyatel'nosti Departamenta ekologii po g. Almaty. 26 noyabr', 2019 g. – Almaty, 2019.
- 9 Kurmanbekov A.D. Okruzhayushchej srede Almaty vozmeshchen ushcherb na summu bolee 82 mln tenge.

06.09.2017 // Jańalyqtar portaly. IA «NewTimes.kz» // <https://newtimes.kz/obshchestvo> (qaralǵan kún: 04.01.2020.).

10 Qazaqstan Respublikasynyń qorshaǵan orta jai-kúni jónindegi aqparattyq bıylleteni / «QAZGIDROMET» RMK Ekologıialyq monitoring departamenti. – 2019. - № 09 (239).

11 Qorshaǵan ortany qorǵaý jáne Almaty qalasynyń ornıyqtı damýy / Ohrana okrujajajscheı sedy ýstoichıvoe ı razvıtıe goroda Almaty. Statıstıkalyq jınaq. 2013-2017 jj. – Almaty, 2017.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

Райхан Тилектесовна Искакова - география, экология және туризм кафедрасының PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Қазақстан, Алматы қ., Қазыбек би көш. 30. E-mail: rtiskak22@gmail.com

Әлия Сәрсенқызы Бейсенова - география ғылымдарының докторы, академик, Жаратылыстану және география институты ғылыми-әдістемелік орталығының жетекшісі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Қазақстан, Алматы қ., Қазыбек би көш., 30.

Дина Мелсовна Боранкулова - география ғылымдарының кандидаты, география, экология және туризм кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Қазақстан, Алматы қ., Қазыбек би көш. 30. E-mail: dinaborankulova@mail.ru

Искакова Райхан Тилектесовна - докторант PhD кафедры географии, экологии и туризма Казахского национального педагогического университета им. Абая. Казахстан, г. Алматы, ул. Казыбек би, 30. E-mail: rtiskak22@gmail.com

Бейсенова Әлия Сәрсенқызы - доктор географических наук, академик, руководитель научно-методического центра Института географии и естествознания Казахского национального педагогического университета им. Абая. Казахстан, г. Алматы, ул. Казыбек би, 30.

Боранкулова Дина Мелсовна - кандидат географических наук, старший преподаватель кафедры географии, экологии и туризма Казахского национального педагогического университета им. Абая. Казахстан, г. Алматы, ул. Казыбек би, 30. E-mail: dinaborankulova@mail.ru

Rajhan Iskakova - PhD student of the Department of Geography, Ecology and Tourism of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Kazakhstan, Almaty, Kazybek bi str. 30. E-mail: rtiskak22@gmail.com.

Alija Beysenova - Doctor of Geography, Academician, Head of the Scientific and methodical center for Geography and Ecology of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Kazakhstan, Almaty, Kazybek bi str. 30.

Dina Borankulova - PhD of Geography, Senior Lecturer of the Department of Geography, Ecology and Tourism of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Kazakhstan, Almaty, Kazybek bi str. 30. E-mail: dinaborankulova@mail.ru.